

# Есім хан




Есім хан — (1598—1628) билік құрған. Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды, оған бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауреннахрға жасаған жорықта ерекше көзге түскені үшін берілген екен.



# «Еңсегей бойлы Ер Есім»

Ей, Қатағанның хан Тұрсын!  
Кім арамды ант ұрсын,  
Жазықсыз елді еңіретіп,  
Жер тәңірсіп жатырсың.  
Хан емессің, қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың,  
Алтын тақта жатсаң да,  
Ажалы жеткен пақырсың!  
Еңсегей бойлы Ер Есім  
Есігіңде келіп тұр:  
Алғалы тұр жаныңды,  
Шашқалы тұр қаныңды!





# "Есім ханның ескі жолындағы" қызға төленетін қалың малдың кесімді мөлшері бес түрлі болған. Олар:

- ▶ 1. "Жүз қырықтың қалыңы" — жүз қой, қырық қара деген кесім байлар мен билердің қызының қалыңы.  $(35000*100)+(40*250000)=13\ 500\ 000$  ТГ
- ▶ 2. "Жүз жиырманың қалыңы" — жүз қой, жиырма қара деген кесім одан кейінгі орташа қызының қалыңы.  $(100*35000)+(20*250000)=8\ 500\ 000$
- ▶ 3. "Қырық жетінің қалыңы" - жеті қара, қырық қой деген кесім (байлардың, билердің "қатын үстіне" алатын кедейлердің қыздарына төленетін қалыңы).  $(7*250000)+(40*35000)=3\ 150\ 000$
- ▶ 4. "Он екі қара" — "дөңгелек қалың" (қатыны өлгендердің кедейдің қызын айттырғанда төлейтін қалыңы).  $12*250000=3\ 000\ 000$
- ▶ 5. "Сегіз қара" (жарлы-кедейлердің бір-бірімен құда болып қызын айттырғанда төлейтін қалыңы). Әйел құны да осы кесімге орай шешіліп отырған.  $8*250000=2\ 000\ 000$

**Жәңгірұлы Тәуке хан (1635-1715)** – Қазақ хандығының ханы, Салқам Жәңгір ханның баласы. Шешесі – қалмақтың хошоуыт тайпасының билеушісі Күнделентайшының қызы. Мұрагерлік жолмен Қазақ хандығының билік тізгінін қолға алған кезде (1680ж.) Тәуке ел ағасы жасына келіп ақыл тоқтатқан, мемлекет ісіне араласып, мол тәжірибе жинақтаған білікті жан болатын. Сондықтан да ол таққа отырып, әке ісін алға жалғап, оның саясатын жүргізгенімен, оны жүзеге асыруға келгенде бұрынғы сүрлеумен кетпей, өзіндік жаңа жолмен жүрді. Тәукені өзге қазақ хандарынан ерекшелеп, оның шын мәнінде көреген басшы, ақылды реформатор екенін танытанын қасиеті де осы өзіндік жолмен жүруінде. Бұл ретте ол ұлы бабасы Қасым ханға қарай бейімделеді.







1694 жылы Тәуке хан қазақтың астанасы Түркістанда Ресей елшілері Федор Скибин, Матвей Трошихинді сән-салтанатпен қабылдайды. Салтанатты сарайға кіріп келеген елшілер қақ төрде алтын тақта отырған "Қазақтың Ликургі" атанған Тәуке ханды көреді. Алайда елшілер намыстанып қалады. Себебі ол кезде Ресей императорының елшілерін қабылдағанда Еуропа патшаларының өзі орнынан тұрып ілтипат білдірсе керек. Олар да Тәуке ханға сондай талап қойған екен.

Орыс елшісі: Біздің мәртебелі патшамыздан, бүкіл Руссияның әміршісінен елшілік келгенде атақты Түрік сұлтаны, Парсы падишаһы біздің патшамыздың сәлемін орнынан тұрып, бас киімдерін шешіп тыңдайды.

Тәуке хан:

Тағымнан тұрмаймын, аяғым ауырад, бас киімімді шешпеймін қарапайым қазақ сенің патшаң түгіл Аллаға құлшылық қылғанда да бас киімін шешпейді. Түрік сұлтаны мен Парсы падишаһының менен несі артық. Олар әуелі мен Тәукедей болып алсын!

